

«Жыл он екі ай» бедерленген мыс алқаның (медальон) екі беті.  
Баба-Ата қаласынан табылған.

“Ақбозат”, “Көкбозат” жүлдүздарын жақсы білді. “Жетіқарақшы” қазактар үшін астрономиялық сағат болды. Құзде күн ұзарған кезде қой қүзетушілер аспандарғы Жетіқарақшыға қарап, кезектің ауыстырылатынын білген. Меркурийді “Таң жүлдүзы” деп, кейде “Кіші Шолпан” деп атаган.

Қазақ халқы ежелгі түркі халықтарының тікелей үрпағы. Ал ежелгі түркілер ерте заманнан-ақ мүшел құнтізбесін жақсы білген. Оған дәлел ретінде Созақ ауданы Баба-Ата қаласынан екі жағына да 12 жануардың бейнесі салынған ортағасырлық түрік медальоны табылды.

**Қазақ жерінде ислам дінінің нығаюы.** Қазактар XVI–XVII ғасырларда ресми түрде ислам дінін үстанды. Ислам дінін қазактар арасына таратушылар – Түркістан, Бұхара және Хорезм, Астраханның дінбасылары болды. Қазақ халқының хандары мен сұлтандары ислам дінін қабыл алғып, құран оқып, намазға жығылды. Мұхаммед Шайбани ханның хатшысы Рузбиханның жазуына қараганда қазактар балаларын медреселерде оқытқан. Ислам діні Қазакстанның өсірепе Онтүстік және Жетісіу аймағында берік орнықты.

Түрік ғалымы Сейфи қазактардан 200 мыңнан астам адамның ислам дінін үстанғандарын атап өткен. Ортағасырдың соңғы кезінде, 1558–1560 жылдары Қазақстанда болған ағылшын көпесі А.Джен-кинсон қазактарды «Ислам дініне сенетін халықтар», – деп жазады. Мұның бәрі қазактар арасында ислам дінінің көң түрде жайылған, нығая бастағанын көрсетеді.

Ислам дінін таратуда Қожа Ахмет Йасауидің сопылық ілімін таратушы миссионерлер елеулі рөл атқарған. Оның кейбір тұжырымдары исламға дейінгі түркілердің наным-сенімдеріне жақын

келді. Мұндай жақындық қазақтар арасында ислам дінінің кең түрде нығаюына себебін тигізді.

**Жерлеу дәстүрі.** Қазақтың жерлеу дәстүрінде де ислам діні мен тәңірге табыну ықпалы қатар жүріп отырды. Ислам діні өлген адамды арулап жуып, жаназа шығарып, бетін Меккеге қаратып жерлеуді талап етті. Өлік жатқан үйге құзет қойылды, ол қыстактың маңына жерленді.

Зират құрылсызы да қайтыс болған кісінің жағдайын байқатаңын еді. Байлар қүйдірілген кірпіштен өрнектеліп қаланған мазарларға жерленді. Ері өлген әйел жыл бойына “қара жамылып” жүрді. Жыл өткен соң өліктің басына ескерткіш қойылып, ас берілетін болды. Өлген кісінің атының жал құйрығы құзеліп, марқұмның жылы болғанда асына сойылды.

Қорытындылай келгенде, халқымыздың мәдениеті ғасырлар тереңінен жалғасып, қоғамның дамуына байланысты біртіндеп дамып, жетіліп отырған. Әрине бүгінгі таңдағы өскелен өмірімізге сай келмейтін кейбір ескілікті салт-дәстүрлер қоғамның дамуына ілесе алмауы мүмкін. Бірақ біз оларды білуіміз керек. Олар тарихымыздың рухани ескерткіштері ретінде сақталуы тиіс.



1. «Мәдениет» ұғымын қалай түсінесін?
2. Материалдық мәдениет дегеніміз не?
3. Ұлттық материалдық мәдениетке не жатады?
4. Рухани мәдениет дегенді қалай түсінесін? Оның материалдық мәдениеттен қандай айырмашылығы бар?
5. Ауыз өдебиетінің түрлерін айтып, онын бір түріне талдау жасандар.
6. Қазақтар аспан жұлдыздарын қалай пайдаланды?
7. Ислам дінінің қазақтар арасында таралуының қандай көріністерін білесіндер?



1. Қазақтарда тұрғын үйдің қанша түрі болды
  - бір түрі
  - үш түрі
  - екі түрі
  - төрт түрі
2. Үйдің үлкен-кішілерінің аттарын атамай, оларға басқаша ат қою қалай аталауды
  - «қарқаралы көш»
  - «ат тергеу»
  - «жарапазан»
  - «қазық майлау»
3. Қазақтарды «Ислам дініне сенетін халықтар» деп кім жазды
  - Сейфи
  - Марко Поло
  - Рашид ад-Дин
  - А. Дженкинсон

## §48–49. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ШЫГАРМАШЫЛЫҚ ДӘСТУРІ

**XV–XVI ғасырлардағы ақын-жыраулар.** Қазақ халқының ауыз әдебиетінде жыраулар поэзиясы ерекше орын алады. Сөз өнерін пір тұтқан көшпелі қоғамда көмейінен жыр құйылған жыраулар зор беделге ие болды. Жыраулар ерте кездерде хандардың жанында кеңесші қызметін аткарып, батырларды дәріптеді, қаза тапқан белгілі адамдарға жоқтау арнады. Тіршілік, өмір жайлы философиялық ойлар айтып, табиғаттың әр алуан құбыльстырын туғандағынан түсіндірді. Жыраулар хандар мен сұлтандардың қайсыбір әрекеттегін мақұлдалап, дәріптеді немесе сынады. Белгілі бір оқигаға байланысты кеңес берді, тілек білдірді.

Әйгілі жыраулардың бірі *Сыныра жырау* (XIV ғ.) – Қазақстаның батысында өмір сурген түрік тілдес ру-тайпалардан шыққан қазак пен ногайға ортақ тұлға. Жырау есімі ел қамын жеген қамкоршы аксақал ретінде “Ер Тарғын”, “Едіге” жырларында кездеседі.

XV ғасырда Қазақ хандығы құрылған кезеңде *Асан Қайғы, Қотан ақын, Қазтуған Сүйінішұлы* есімдері елге белгілі болды. Ауыз әдебиетінде *Асан Қайғының қазак ханы Жәнібекпен* бірге болғандығы айтылады. Жәнібек пен Керейдің Жетісуға ауған кезінде халықпен ақылдастып, кеңес құрмағандығын кінәлап, Асан Қайғы:

«Жемде кеңес қылмадын,  
Жемнен де елді көшірдің», –

деп ханды жазғырады.

Асан Қайғы Жерўйықты іздең, Жетісуга болған кезінде “Жетісугың ағашының басы жеміс екен”, екі сұлтан келіп орналасқан жер Шу туралы “Ей, Шу, атыңды теріс қойыпты, мына ну қамысың елінді ешбір жұтқа бере қоймас” депті.

Дешті Қыпшаққа әйгілі *Қотан ақынның жырлары* ел аузында онша көп сақталмаған.

«Қарақыпшак Қобыландыда  
Нен бар еді құлныым?  
Сексен асып, таяғанда тоқсанға,  
Тұра алмастай үзілді ме жұлныым!...»

деген толғауы тарихи мағлұмат береді. Біріншіден, ру-тайпалар арасындағы араздық байқалса, екіншіден, Қазақ хандығы құрылғандығын, ал ногайлардың бөлінгендігін көрсетеді. Аңыз бойынша ақынның ұлы Дайырқожа Әбілқайырдың атақты билерінің бірі болған. Оны әділ билік жүргізгені үшін халық Ақжол би атап кеткен.

Қазақ хандығы құрылудының алғашқы кезіндегі жыраулардың бірі *Сүйінішұлы Қазтуған*. Ол 1420 жылы Астрахандағы Қызыл-

жар деген жерде, дәулетті отбасында өмірге келген. Жыраудың бізге жеткен үш жыры белгілі. Солардың ішінде “Алаң да алан, алан жұрт” деген жырында Асан Қайғы сияқты Еділ мен Жайықты мактап, елге, малға жайлыштырынын суреттейді:

«Жабағылы жас тайлақ  
Жардай атан болған жер».

Қазтуған да Еділді қимай, басқа жаққа ауып бара жатқандығын былай жырлайды:

«Қайран менін Еділім,  
Мен салмадым, сен салдың,  
Қайырлы болсын сендерге  
Менен қалған мынау Еділ жүрт!...»

XVI–XVII ғасырларда өмір сүрген қазақ жырауларының өлеңдерінен сол кездегі халықтың салт-санасын, ой-өрісін, тілек-мақса-тын айқын аңғарамыз. XVI–XVII ғасырларда: *Доспамбет, Марғасқа, Жиембет, Ақтамберді, Шалқиіз т.б.* жыраулар өмір сүрді.

Доспамбет жырау 1490 жылы Азов қаласында туып, 1523 жылы Астрахан маңында қаза болған. Доспамбет сөз бастаған шешен, қол бастаған батыр еді. Оның өлеңдерінен жастарды ерлікке, елін, жерін шапқыншы жаулардан қорғауға шақырған жалынды насиҳат, үгіттің сарыны сезіледі.

“Айнала бұлақ басы тен”, “Тогай, тогай, тогай су”, “Азау, Азау дегенің”, “Арғымакқа ок тиді”, “Айналайын Ақ Жайық” т.б. жырларының мазмұны Отан қорғауға арналған.

Шалқиіз Тіленишіұлы (1465–1560 жж.) аса көрнекті жырау болды. Жайық өзенінің шығыс жағалауында дүниеге келген. Шалқиіз жырларының мазмұнына қараганда, Ноғайлының өміршісі Темір бидің жанында көбірек болғандығы байқалады. Жырау өскери жорықтармен Қавказдың терістігін, Қырым, Дон бойын аралап шыққан. Өз жақындарының күншілдігіне үшыраған жырау Қазак хандығының жағына шығады. Оның жырынан асқан дарынды ақынның асқақ бейнесі мен асыл текті жауынгер-батырдың құдіретті тұлғасы бар болмысымен көрінеді.

Жиембет Бортогашұлы XVI ғасырдың соңғы ширегінде, XVII ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүрген. Жырау алшын руын ертеден билеп келе жатқан атақты рубасыларының өuletінен шыққан. Сакталған жырларының мазмұнына қараганда, Жиембет Есім ханының өскербасы қызметін атқарған және кеңесшілерінің бірі болған. Мұны жыраудың мына шумағынан айқын көруге болады:

«Есім, сені есірткен  
Есіл де менің кеңесім».

Жырау Есім ханның 1620 жылы ойраттарды жеңуіне өзінің үлкен үлесін қосқан. Өз алдына төуелсіз хандық құрмак болған Қатаған руынан шыққан Тұрсын ханның бүлігін басуға да Жиембет жырау көмек көрсеткен. Алайда Есім мен жыраудың арасында қайшылық пайда болады. «Өмірің қатты, Есім хан» деген жырға қарағанда, жырау інісі Жолымбетті бір жөнсіз қылышы үшін жазаламақ болғанда араға тусем деп өзі де ханның қаһарына ілігіп, айдауда қаза болады. Ал екінші бір деректерге қарағанда, 1628 жылы Есім хан қаза болғаннан кейін Жиембет өз жеріне қайтқан. Ол Есімге қарсы елдін, халқының атынан сөйлейді. Мәселен:

«Арқаға қарай көшермін,  
Алашымға ұран десермін», —

деп зіл көрсетеді.

Марғасқа жырау да Есім ханның ең жақын жорық жырауы болған. Жыраудың туған, өлген жылдары белгісіз, Есім ханмен бірге жүргендігіне қарағанда XVII ғасырда өмір сурген. Марғасқа жыраудың Есім ханға арналған «Еңсегей бойлы ер Есім» атты жеті мың жолдық тарихи жыры белгілі. Сол жырдан алынған мына бір шумаққа қарағанда Тұрсын ханның бүлігін басуға Марғасқа да катынасқан:

«Ей, Қатағаның хан Тұрсын  
Кім арамды ант ұрсын ...» —

деп оны жазалауға Есім ханның келіп тұрғанын хабарлайды.

Ақтамберді Сарыңұлы (1675—1768 жж.). Оңтүстік Қазақстандағы Қаратау бойында, дәулетті отбасында дүниеге келген. Ол 17 жасынан бастап қазақ хандығы мен Орта Азия хандықтарының арасындағы соғыстарға катынасқан. Тіпті, 1729 жылы өлім жазасына бұйырылып, қашып құтылған. Жырау жоңғарларға қарсы Отан соғысы (1723—1730 жж.) кезінде Орта жүз рубасы аксақалдарының бірі болды. Жоңғарлар талқандалып, еліміздің шығысы жаудан азат етілгеннен кейін, босаған жерге елді қайта қоныстандыру кезінде де жырау айтартықтай қызмет атқарады.

Жырау өзінен бұрынғы Доспамбет, Шалқиіз дәстүрлерін жалғастырушылардың бірі. Толғауларынан халқымыздың өзіне тән ерекшеліктері, мінез-құлқы, өзіндік көзқарастары айқын байқалады.

«Күллір де құлдір кісінегіт  
Күренді мінер ме екенбіз,  
Күдеріден бау тағып,  
Ақ кіреuke киер ме екенбіз!  
Жағасы алтын, жені жез,  
Шығыршығы торғай көз  
Сауыт киер ме екенбіз!» —

деп, жерін жаудан азат етер күнді аңсал, халқын ұрысқа жігерлендіреді.

XV–XVI ғасырларда өмір сүрген жыраулар халқымыздың басына ауыр күн туғанда ақыл-кенес берген данагейлері, жау шапқанда, қолдарына ақ найзаларын ұстап қарсы шықкан батырлар. Олардың есімі тарихымызда мәнгі сақталады.

**Саз өнері.** Қазақ халқының саз өнері халық болып қалыптасқанға дейінгі ру-тайпалардың музикалық өнерінің тікелей жалғасы деп айтуға болады. Б.з.б. III ғасырдағы Қытай елінің жазба деректерінде қаңлы елінің талантты музиканттары туралы хабарлайды. Мөселен, Тан патшалығы дөүрінің көрнекті ақыны Бәй Жұші өзінің “Биші бикеш” деген өлеңінде қаңлы қыздарының билерін былай суреттеген:

«Биші бикеш ойқастап,  
Оңға, солға бой тастап,  
Жауган қардай қалықтап,  
Келіпті бикеш қаңлыдан,  
Алты айшылық арыдан ...»

Бұл шумақтан Қытай сияқты ірі мемлекетпен Қаңлы елінің ежелгі заманнан мәдени байланыста болғандығын байқаймыз. Қытаймен көрші жатқан Үйсін мемлекеті де мәдени қарым-қатынаста болған.


XIII–XV ғасырларда Қазақстан жері арқылы өткен саяхатшылар Плано Карпини, Вильгельм Рубрук, Марко Поло, Рузбихан, Якуб жазбаларында қазақ халқының өмірінде музиканың айрықша орын алғатыны айтЫЛДЫ. Ш.Уәлихановтың досы Г.Н.Потанин: “Бүкіл қазақ даласы өн салып тұрғандай көрінеді” десе, ұлы Абай:

«Тұғанда дүние есігін ашады өлең,  
Өлеңмен жер қойнына кіреп денен...» —

деп, халқымыздың ғұмыры өлең-жырызы өтпейтіндігін білдірген. Француз жазушысы Ромен Роллан да қазақты екінің бірі домбыра тартып,

ән айтып, өлең шығаратын өнерлі халық, ақын халық деп бағалаған.

**Қазақтың музикалық аспаптары.** Халықтың ойын-сауық, той-думаны музикасыз өткен емес. Басқа халықтар сияқты қазақтар да түрлі музикалық аспаптар жасай білді. Олар музика аспабына қосылып өн салды, түрлі аспаптарда музикалық шығармаларды орындағы. Халқымыздың бүгінгі таңдағы 40-тан астам музикалық аспаптары ғасырлар бойы



Жетіген.

Үрпақтан үрпаққа жалғасын тауып келе жатқан қасиетті мұра саналады. Музикалық аспаптар тек той-думандарда ғана пайдаланылып қоймай, жау шапқанда дабыл, дауылпаз, ұран, керней сияқты түрлері арқылы елге хабар беріліп отырған. Ал бақсы-балгерлер зікір салғанда даңгара, асатаяқ, шанқобыздарды пайдаланатын. Өнші-куйшілер өлең-жыры, терме айтқанда немесе қүй шерткенде домбыра, сыйызғы, сырнай, қылқобызы сияқты шекті аспаптармен сүйемелдеген.

Музика аспаптарын ағаштың қайын, шырша, емен сияқты түрлерінен жасаған. Сонымен қатар аспап жасауға қамыс, саз балшық, малдың терісі мен сүйегі, мүйізі, қылыштың шекарасынан жасалады.

Балшықтан, қамыс, мүйізден үрмелі музикалық аспап саз-сырнай, сырнайлар, сыйызғы, адырна, ұран, керней жасалады.

Ішекті музикалық аспаптар – жетіген, шертер жөне домбыра мен қылқобызы. Соқпалы аспаптар – даңғара, дауылпаз, шындауыл, дабыл, асатаяқ т.б.

Ел аудында сақталған аңыздарға қарағанда, кейбір музикалық аспаптардың пайда болуының өзіндік тарихы бар. Мәселен, жетіген – жеті ішекті шертіп ойнайтын музикалық көне аспаптың пайда болу тарихы былай екен.

Ертеде бір адамның жеті ұлы болыпты. Бір жұт жылы өлгі адамның бар малы қырылып қалады. Киіз үйдің шаңырағына бақытсызың орнап, жеті ұлы бірінен соң бірі өледі. Ұлдарының артынан жоқтау айтып, ас беруге қаражаты жоқ адам, кепкен ағаштан ойып “Жетіген” жасапты. Үлкен ұлы өлгенде бір ішек тағып, тиек орнатып, “Қарағым” деген жоқтау қүйін тартады. Екінші ұлы өлгенде екінші ішек тағып, “Қанат сынар” қүйін орындаиды. Сөйтіп ұлдары бірінен соң бірі өліп, бір ішектен тағып отырып, “От сөнер”, “Бакыт көшті”, “Құн тұтылды”, “Жеті баламнан айырылып құса болдым” деген жаңа күйлер шығарыпты-мыс.

Дарынды қазақ өнерпаздары музика аспаптары арқылы орындалатын ғажайып қүйлерді дүниеге әкелді. Домбырашы өзінің қүйін орындаудан бұрын қүйдің шығу тарихын, мазмұнын қысқаша баяндап беретін болған. Ноғайлы кезеңіндегі «Ақсақ құлан», «Жошы ханның жортуылы», «Шора батыр», «Өмір ақсақ», «Қамбар қүйі», Асан Қайғының «Ел айырылған», Қазтуғанның «Сағыныш» т.б. қүйлерде еліміздің сол кездегі тарихы көрініс тапқан.



Қылқобызы.

- ?! 1. XV ғасырдағы ақын-жыраулар туралы айтып беріңдер.  
2. Жыраулар деп кімдерді айтамыз, олардың ақындардан айырмасы қандай?  
3. XVI–XVII ғасырдағы ақын-жыраулардан кімдерді білесіндер?  
4. Саз өнері қай кезден дами бастады?  
5. Шетел ғалымдары қазақ халқының саз өнеріне қандай баға берді?  
6. Қазақтың саз аспаптарының түрлерін атап беріңдер.

- ? 1. Есім ханның ең жақын жорық жырауы  
а) Шалқиіз  
ә) Сыпыра жырау  
б) Марғасқа  
в) Доспамбет  
2. «Бұкіл қазақ даласы өн салып тұргандай көрінеді» деп кім жазды  
а) Ромен Роллан  
ә) Г. Н. Потанин  
б) Әбілғазы  
в) Макдиси

## §50. XVI–XVII ҒАСЫРЛАРДАҒЫ ТАРИХИ ШЫГАРМАЛАР

“Та’рих-и Рашиди”. Мұхаммед Хайдар Дулатидің 1541–1546 жылдары Кашмирде парсы тілінде жазған еңбегі – “Та’рих-и Рашиди” Моголстан мен оған іргелес аймактардың тарихы жөнінде мол дерек беретін құнды шыгарма болып табылады. Шыгарма мөғолдардың хан сарайында сақталған тарихи құжаттар, аныз-әнгімелер, оқиға күөгерлері мен автордың өзі байқаған жайттары негізінде жазылған. Онда орта ғасырлардағы қазақтар тарихы, Дешті Қыпшақтағы оқиғалар, Моголстанның



М.Х. Дулати.

құлауы, феодалдық соғыстар, сыртқы жауға қарсы қазақтардың өзбектермен және қырғыздармен достық одағының қалыптасуы туралы көптеген мағлұматтар беріледі. Шыгармада XV–XVI ғасырлардағы Оңтүстік және Шығыс Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы, қала, егіншілік мәдениеті, Жетісудың тарихы, географиясы – жалпы орта ғасырлардағы Қазақстан жайлы құнды деңгектер бар. Бұл шыгармада қазақ хандары Жәнібек пен Керейдің Өзбек хандығынан бөлініп көшу себептері тұңғыш рет айтылады. Мұхаммед Хайдар Дулатидің